соответствует требованиям нормативных документов:		
Сертификат соответствия №	ТС RU C-JP.ME10.B.04202	
Действителен до	15.08.2021	

Класс защиты от поражения электрическим током II
 НОМИНАЛЬНОЕ НАПРЯЖЕНИЕ 220-240В
 НОМИНАЛЬНАЯ ЧАСТОТА 50-60Гц

Дата производства:

Дата производства указана на изделии

© Copyright SHARP Corporation 2017. Все права защищены. Воспроизведение, изменение или перевод текста без письменного разрешения владельца прав запрещены, за исключением случаев, предусмотренных в соответствующих разделах авторского права.

Сведения о торговых марках

Все торговые марки и копирайты, упоминаемые в настоящем руководстве, принадлежат соответствующим владельцам авторских прав.

Страна изготовитель: Китай

Фирма изготовитель: Шарп Корпорейшн

Юридический адрес изготовителя:

**1 Такуми-чо, Сакаи-ку, Сакаи Сити,
 префектура Осака 590-8522, Япония**

Импортер в России: ООО «Шарп Электроникс Раша»

Адрес: Россия, 105120, Москва, 2-й Сыромятнический пер., 1

Телефон: +7-495-899-00-77

Во исполнение Статьи 5 Закона Российской Федерации "О защите прав потребителей", а также Указа Правительства Российской Федерации № 720 от 16 июня 1997 г. устанавливается срок службы данной модели – 7 лет с момента производства при условии использования в строгом соответствии с инструкцией по эксплуатации и применяемыми техническими стандартами.

Уважаемый покупатель!

Выражаем Вам признательность за выбор изделия.

Гарантия Sharp предоставляется в отношении дефектов изделия, возникших в течение гарантийного срока, который начинается с момента передачи изделия первому потребителю. В случае невозможности установления момента передачи изделия потребителю, гарантийный срок исчисляется со дня изготовления изделия.

Настоящая гарантия действительна со дня передачи изделия первому потребителю при условии выполнения перечисленных ниже требований и полном соблюдении рекомендованных режимов эксплуатации изделия, изложенных в инструкции по эксплуатации.

Сроки гарантии установлены в зависимости от страны приобретения изделия первым потребителем:

В случае приобретения изделия на территории Республики Беларусь гарантия действительна со дня передачи изделия первому потребителю в течение 24 (двадцати четырех) месяцев.

В случае приобретения изделия на территории Республики Казахстан гарантия действительна со дня передачи изделия первому потребителю в течение 12 (двенадцати) месяцев.

В случае приобретения изделия на территории Российской Федерации гарантия действительна со дня передачи изделия первому потребителю в течение 12 (двенадцати) месяцев.

Если Ваше изделие нуждается в гарантийном обслуживании, обращайтесь в фирму, продавшую Вам изделие, или в один из Авторизованных Сервисных Центров, информацию о которых вы можете найти на сайте www.sharp.ru в разделе поддержка или по телефонам 8-800-200-7427 (бесплатно на территории Российской Федерации) и +7-495-899-00-77. Настоящая гарантия предусматривает замену дефектных узлов и деталей изделия и выполнение ремонтных работ в течение гарантийного срока изделия бесплатно.

Гарантия действительна на территории Российской Федерации, Республики Казахстан и Республики Беларусь при соблюдении следующих условий:

- Гарантия действительна только при наличии следующих идентифицирующих признаков:
 - наличие четко, правильно и полно заполненного гарантийного талона;
 - указание даты составления гарантийного талона с печатью и подписью продавца;
 - серийный номер или номер модели изделия не должен быть изменен, удален, стерт или написан неразборчиво.
- Изделие должно быть куплено на территории Российской Федерации, Республики Казахстан или Республики Беларусь.
- Изделие должно быть использовано в соответствии с инструкцией по эксплуатации (прилагается к изделию). В случае нарушения правил хранения, транспортировки, установки и эксплуатации изделия, изложенных в инструкции по эксплуатации, гарантия недействительна.
- В соответствии с настоящей гарантией клиент не имеет право требования на проведение гарантийного ремонта или гарантийную замену дефектных узлов и деталей изделия:
 - если изделие имеет механические повреждения;
 - если изделие ремонтировалось, или в нем произведены изменения не в авторизованном сервисном центре;
 - если для ремонта изделия использовались ненадлежащие расходные материалы или запасные части;
 - если неисправность вызвана попаданием внутрь изделия посторонних предметов, веществ, жидкостей, насекомых и т.п.;
 - если неисправность изделия вызвана стихийными бедствиями, пожаром, бытовыми и другими факторами, независимыми от действий изготовителя;
 - если повреждения изделия вызваны несоответствием параметров источников питания и связи соответствующим государственным стандартам;
 - если требования касаются ремонта или замены принадлежностей или быстроизнашивающихся деталей изделия (батареи, кабели, блоки питания и т.п.).
- Гарантия не распространяется на расходные материалы, например: картриджи, лампы, программное обеспечение, фильтры, батареи и т. п. в соответствии с указаниями инструкции по эксплуатации.
- Гарантия не предусматривает чистку изделия, плановое техническое обслуживание и замену расходных материалов и запчастей, пришедших в негодность ввиду нормального износа и / или ограниченного срока службы.
- Настоящая гарантия распространяется на официально поставляемые в Российскую Федерацию, Республику Казахстан и Республику Беларусь изделия, приобретенные для личного использования, не связанного с извлечением прибыли.

Список авторизованных сервис-центров может быть изменен без предварительного уведомления покупателя.

Настоящим Я подтверждаю, что приобрел данное изделие пригодным к эксплуатации, в полном комплекте и с инструкцией по эксплуатации на русском языке.

ФИО покупателя _____

Подпись _____

Информация о приобретении изделия:

Модель	
Серийный номер	
Дата передачи	
Подпись продавца / Печать	

Журнал гарантийных работ:

Дата приема	Дата выдачи	Тип дефекта; описание работ; запасные части	ФИО Инженера; Печать СЦ

МҮМКІНДІКТЕРІ

Ауа тазарту технологияларының ерекше жиынтығы

Үш реттік сүзгілеу жүйесі + Плазмалық кластер + Ылғалдандыру

ШАҢДЫ ТҰТЫП ҚАЛАДЫ

Алдын ала тазалау сүзгісі шамамен 240 микрон бөлшектерден үлкен шаңды ұстап қалады.

ИІСТЕРДІ АЗАЙТАДЫ

иіссіздендіргіш сүзгі зиянды газдар мен*1 көптеген тұрмыстық иістерді сіңіреді.

ГҮЛ ТОЗАҢЫН ЖӘНЕ ЗЕҢДІ АЗАЙТАДЫ*2

HEPA сүзгісі ұсақтығы 0,3 микронға тең бөлшектердің 99,97% ұстап қалады.

ЖАҢАРТАДЫ

Плазмалық кластер ауаны табиғаттың қоршаған ортаны оң және теріс қуатты иондардың тепе-тең мөлшерін шығару арқылы тазартуына ұқсас түрде тазартады.

ЫЛҒАЛДАНДЫРАДЫ

Температура мен ылғалдылықты өлшеу арқылы ылғалдылықты басқарады.

*1: VOC, NOx, SOx. 1м³ сынақ контейнеріндегі бір компонентті иістерден тұратын заттек үшін иіссіздендіру өнімділігі нақты пайдаланудағы иіссіздендіру өнімділігінен басқаша болуы мүмкін.

*2: Ауа сүзгілеу жүйесі арқылы сорылған кезде.

Сенсорлық технология үздіксіз ауаның сапасын және бөлме жағдайын бақылайды, және автоматты түрде жұмысын реттейді.

ЗИЯТКЕРЛІК РЕЖИМ

(KC-G61R / KC-G51R)

7 факторды қабылдайтын 6 датчик автоматты жұмысты дәл бақылайды.




Адам немесе үй жануарлары сенсорлық аймақта болған кезде*4

(*4: K-5 тұстарын қараңыз)

- Адамның не үй жануарының баяу қозғалысында (мысалы: ұйқыда кезде), автоматты түрде тыныш ауа ағынына ауысады.
- Бөлме қараңғы кезде, алдыңғы дисплей, тазалық мониторы және ауа саңылауының индикаторы сөнеді автоматты түрде.

Сенсорлық аумақта ешқандай қимыл-қозғалыс жоқ кезде

- Алдыңғы дисплей, тазалық мониторы және ауа саңылауы индикаторы сөнеді, ылғалдау тоқтайды және құрылғы тұтынылатын қуатты сақтау үшін, ең аз ауа ағынына ауысады.
- Бөлменің ылғалдылығы 80% жоғары және бөлме жарық кезде, Plasmacluster иондары күшті ауа ағынымен шығады.



ЕСКЕРТУ


- Зияткерлік режимінде ылғалдауды қолмен ON не OFF күйіне келтіре аласыз (K-8 тұстарын қараңыз)
- Алдыңғы дисплей мен ауа саңылауының индикаторы бөлменің жарықтығының негізінде автоматты түрде ON және OFF күйіне ауысады. (Жарық бақылауы «Авто» күйіне келтірілгенде. K-11 тұстарын қараңыз)
- Қозғалыс датчигі бөлмеде берілген уақыт аралығында ешкім болмағанын анықтаса, ол бөме бос деп анықтайды.
- Сіз дисплей / монитордың жарықтығын, датчиктің сезімталдығы және қозғалыс датчигінің анықтау уақытын өзгерте аласыз. (K-11 және K-12 тұстарын қараңыз)
- Қозғалыс датчигі адамдар мен үй жануарларынан басқа қимыл-қозғалыстарды анықтай алады. (пердені бұлғай отырып т.б.)

Жаңа ауа тазартқышты пайдаланудан бұрын оқып шығыңыз

Ауа тазартқыш бөлмедегі ауаны ауа сорғыштан сорып, ауаны қондырғы ішіндегі алдын ала тазартатын сүзгіден, хошиістендіргіш сүзгіден және HEPA сүзгісінен өткізеді, содан кейін ауаны ауа шығару тесігінен шығарады. HEPA сүзгісі сүзгіден өтетін ұсақтығы 0,3 микрон болатын шаң бөлшектерінің 99,97% ұстай алады және иістерді сіңіруге де көмектеседі. Жуылмалы хошиістендіргіш сүзгі ауадағы иістерді сүзгіден өтуі барысында біртіндеп сіңіреді.

Сүзгілер сіңіретін кейбір иістер уақыт өте келе ыдырауы мүмкін, бұл қосымша иістердің пайда болуына әкеледі. Пайдалану ортасына байланысты, әсіресе өнім аса қатал қоршаған ортада пайдаланылған кезде (әдеттегі тұрмыстық қолданыстан әлдеқайда қаталдау), бұл иіс жоспарлы мерзімнен қысқа мерзім ішінде қатты шығуы мүмкін. Егер иіс кетпесе, сүзгілерді ауыстыру қажет. (K-15 тұстарын қараңыз)

Құбыр суындағы минералдар сүзгілерге жабысып, қатты және ақ түске енгенде, олар ылғалдандырғыш сүзгі құрғақ болғанда бөлмеде жағымсыз иіс шығуын туғызуы мүмкін иістерді сіңіреді. (Судың сапасына және басқа да қоршаған орта факторларына байланысты түрленеді) Егер бұл орын алса, ылғалдандырғыш сүзгіге техникалық қызмет көрсетуді орындаңыз. (K-14 тұстарын қараңыз)



ЕСКЕРТУ

- Ауа тазартқыш ауада жиналған шаң мен иістерді кетіруге арналған. Ауа тазартқыш темекі түтінінде болатын көміртегі монооксиді сияқты зиянды газдарды жоюға арналмаған. Иістің шығатын жері әлі де бар болса, ауа тазартқыш иісті толығымен жоя алмайды.

6 датчик арқылы 7 факторды анықтау

ДАТЧИК	АНЫҚТАУ
Шаң (сезімтал)	PM2.5 (2.5 микроннан кіші қатты бөлшектер), т.б.
	Темекі түтіні, тұрмыстық шаң (кір, кенелердің сарқындылары мен қалдықтары, зең споралары, тозаң)
Иіс	Темекі, косметикалық, спирт, спрей, және басқа да иістерді
Температура	Бөлме температурасы
Ылғалдылық	Бөлме ылғалдылығы
Жарық	Бөлменің жарықтығы
Қозғалыс*3	Адамдар не үй жануарларының қимыл-қозғалысы

*3: Интеллектуалдық режимі жұмыс жасап тұрған кезде ғана анықтай алады.

МАЗМҰНЫ

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....K-3

- АБАЙ БОЛЫҢЫЗ
- ЕСКЕРТУ
- ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ САҚТЫҚ ЕСКЕРТУЛЕРІ
- ОРНАТУҒА ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛАР
- СҮЗГІГЕ ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛАР

БӨЛШЕК АТАУЛАРЫ.....K-5

- АЛДЫҢҒЫ ЖАҚ
- АРТҚЫ ЖАҚ
- БАСҚАРУ ПАНЕЛІ
- АЛДЫҢҒЫ ДИСПЛЕЙ

ДАЙЫНДАУK-7

- СҮЗГІНІ ОРНАТУ

ПАЙДАЛАНУK-7

- БАСТАУ / ТОҚТАУ
- ТАЗА ИОН СЕБЕЗГІСІ РЕЖИМІ
- ЗИЯТКЕРЛІК РЕЖИМІ (KC-G61R / KC-G51R)
- АВТО РЕЖИМ (KC-G41R)
- PLASMACLUSTER ИОН ТАМШЫСЫ РЕЖИМІ
- РЕЖИМДІ ТАҢДАУ
- БАЛА ҚҰЛПЫ
- ЫЛҒАЛДАНДЫРУДЫ БАПТАУ (СУ БАҒЫН ТОЛТЫРУ)
- ҚОСУ ТАЙМЕРІ
- ӨШУ ТАЙМЕРІ
- ДИСПЛЕЙ ТАҢДАУ
- ПЛАЗМАЛЫҚ КЛАСТЕР ИОНЫ ҚОСУЛЫ/ӨШІРУЛІ
- БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯСЫ
- ТҮРЛІ БАПТАУЛАРДЫ ӨЗГЕРТУ

КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ.....K-13

- СҮЗГІ ИНДИКАТОРЫ
- КҮТІМ ЖАСАУ ИНДЕКСІ
- СУ БАҒЫ
- ҚОНДЫРҒЫ / АРТҚЫ ПАНЕЛЬ
- ЫЛҒАЛДАНДЫРҒЫШ СҮЗГІ ЖӘНЕ НАУА
- HEPA СҮЗГІСІ / ХОШИІСТЕНДІРГІШ СҮЗГІ
- СҮЗГІНІ АУЫСТЫРУ

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ.....K-16

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫK-17

Осы SHARP ауа тазартқышын сатып алғаныңызға алғыс айтамыз. Ауа тазартқышты пайдаланудан бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оқығаннан кейін, нұсқаулықты болашақта пайдалану үшін ыңғайлы жерде сақтаңыз.

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Электр құрылғыларын пайдаланған кезде, қауіпсіздікке қатысты негізгі сақтық шаралары орындалуы тиіс, оның ішінде келесі де бар:

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ – Электр тогының соғу, өрт немесе адамдардың жарақат алу қаупін азайту:

- Қондырғыны пайдаланудан бұрын барлық нұсқауларды оқыңыз.
- Тек 220-240 вольттық кернеуі бар ток көзін пайдаланыңыз.
- **Бұл аспап физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдар (балаларды қоса) үшін пайдалануға арналмаған, тек олар бақылауда болған немесе олардың қауіпсіздігіне жауапты адам тарапынан аспапты пайдалану туралы нұсқаулар берілетін болған кездерден басқа.**
- **Балалар бақылауда болулары тиіс, олардың аспаппен ойнауына жол бермеу қажет.**
- **Егер қуат сымы зақымдалған болса, қауіптің алдын алу үшін, оны өндіруші, қызмет көрсету жөніндегі агент, Sharp өкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сондай білікті маман ауыстыруы тиіс.**
- **Су бағын қайта толтыру кезінде, техникалық қызмет көрсету алдында, сүзгіні алу, бекіту және ауыстырғанда және ұзақ уақыт қолданбағанда ашаны қуат көзінен ажыратылғанын тексеріңіз. Кері жағдайда қысқа тұйықталу салдарынан электр тогының соғуын немесе өрт туғызуы мүмкін.**
- Қондырғыны қуат сымы немесе ашасы зақымдалған болса немесе жардағы розетка жалғанар тұс босаған болса пайдаланбаңыз.
- Ашаны шаңды арадік сүртіп тұрыңыз.
- Ауаны сору немесе шығару тесігіне саусақтарыңызды немесе бөгде заттарды салмаңыз.
- Қуат ашасын суырар кезде, әрдайым ашадан ұстаңыз және ешқашан сымынан ұстап тартпаңыз. Қысқа тұйықталуына байланысты электр тогы соғуы немесе өрт пайда болуы мүмкін.
- Негізгі қондырғыны жылжитқан кезде қуат сымын дөңгелектерімен зақымдап алмаңыз. Ол электр тогының соғуына, жылудың бөлінуіне немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Қуат сымын зақымдап алмас үшін абай болыңыз, кері жағдайда электр соғуын, қызып кетуді немесе өрт туғызуы мүмкін.
- Қолыңыз ылғал кезде ашаны тартпаңыз.
- Осы қондырғыны газ құрылғылары немесе пеш маңайында пайдаланбаңыз.

- Осы ауа тазартқыш Sharp өкілеттігі бар қызмет көрсету орталығы ғана жөндеуі тиіс. Қандай да бір ақаулар, өзгертулер немесе жөндеу қажеттіліктері туындаған жағдайда жақын маңдағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 - Аэрозоль негізіндегі жәндіктерге қарсы заттары пайдаланған кезде немесе майлы қалдық, хош иісті заттар, тұтатылған шылым ұшқындары, ауадағы химиялық булар бар бөлмелерде немесе жуынатын бөлме сияқты қондырғының ылғалдануы мүмкін жерлерде оны іске қоспаңыз.
 - Қондырғыны тазартқан кезде сақ болыңыз. Әсері қатты еріткіш тазалағыш заттар сыртқы қабатты зақымдауы мүмкін.
 - Қондырғыны тасыған кезде, алдымен су бағын және ылғалдандырғыш науаны алып тастаңыз және қондырғыны екі жағындағы тұтқаларынан ұстаңыз.
 - Ылғалдандырғыш науа немесе су бағындағы суды ішпеңіз.
 - Қондырғыны судың әсеріне ұшыратпаңыз. Олай ету қысқа тұйықталу немесе электр соғуын туғызуы мүмкін.
 - Су бағындағы суды күн сайын шүмектен ағатын таза сумен ауыстырып, су бағы мен ылғалдандырғыш науаны жүйелі түрде тазалап тұрыңыз. (К-8, К-13 және К-14 тұстарын қараңыз). Қондырғы пайдаланылмаған кезде, су бағындағы және ылғалдандырғыш науадағы суды төгіп тастаңыз. Су бағы және/немесе ылғалдандырғыш науада су қалдыру зеңнің, бактериялардың және нашар иістердің пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Ерекше жағдайларда, бұл бактериялар ағзаға зиянды әсерлерін тигізуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ – Радио немесе теледидар кедергісі

Егер осы ауа тазартқыш радио немесе теледидар сигналын қабылдау әрекетіне кедергі келтірсе, кедергіні келесі шаралардың біреуін немесе бірнешеуін пайдалану арқылы түзетуге тырысыңыз:

- Қабылдағыш антеннаның бағытын өзгертіңіз немесе орнын ауыстырыңыз.
- Қондырғы мен радио/теледидар қабылдағыш арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- Жабдықты қабылдағыш жалғанған тізбектен бөлек тізбектегі розеткаға жалғаңыз.
- Көмек алу үшін дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына жүгініңіз.

ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ САҚТЫҚ ЕСКЕРТУЛЕРІ

- Сору тесігін немесе ауа шығару тесігін бітемеңіз.
- Қондырғыны пештер немесе жылытқыштар сияқты ыстық нәрселердің маңында немесе үстінде немесе будың әсеріне ұшырауы мүмкін жерлерде пайдаланбаңыз.

- Қондырғыны әрдайым тік күйде пайдаланыңыз.
- Қондырғыны қозғаған кезде екі жағындағы тұтқаларынан ұстаңыз. Қондырғыны жұмыс істеп тұрғанда қозғамаңыз.
- Егер құрылғы оңай зақымдалатын жерде, тегіс емес бетте немесе қалың кілемде болса, оны жылжыту кезінде көтеру қажет.
- Дөңгелегі арқылы орнынан қозғаған кезде, оны көлденең бағытта баяу қозғаңыз.
- Жылжытудан бұрын, құрылғыны өшіріңіз, су бағын алыңыз, саусақтарыңызды қысып алмауды абайлаңыз.
- Сүзгілері, су бағы және ылғалдандырғыш науасы орнатылмаған болса, қондырғыны пайдаланбаңыз.
- HEPA сүзгісі мен иіссіздендіргіш сүзгіні жууға және қайта пайдалануға болмайды. Олай жасау сүзгінің жұмысын жақсартпайды және сондай-ақ, электр тогының соғуын немесе жұмысында ақаулықтар тудыруы мүмкін.
- Сырт жағын тек жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тез ұшып кететін сұйықтықтарды немесе тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз. Қондырғы беті бензол бояйу сұйылтқышы немесе жалтыратқыш ұнтақтың әсерінен зақымдалуы не жарылуы мүмкін. Оның үстіне, салдарынан датчиктердің жұмыстарында ақаулықтар пайда болуы мүмкін.
- Қажетті техникалық қызмет көрсету жиілігі (қақты кетіру үшін) пайдаланылатын судың қаттылығына немесе ластығына байланысты келеді, су қатты болған сайын қақты кетіру жұмысын жиі жүргізу қажет болады.
- Қондырғыға су тигізбеңіз.
- Су бағын қайта толтыру кезінде одан ешқандай су төгілмеуін қадағалаңыз.
- Су бағының сыртындағы кез-келген артық суды міндетті түрде сүртіп тастаңыз.
- Ыстық су, (40 °C не одан да жоғары), химиялық заттар, хош иісті заттар, лас су немесе басқа да зақым келтіретін заттарды пайдаланбаңыз. Олай жасау құрылғының деформациялануына немесе жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Тек жаңа ағын суды пайдалану қажет. Өзге су көздерін пайдалану зең, зеңді саңырауқұлақ және/немесе бактериялардың көбеюіне әкелуі мүмкін.
- Су бағының тұтқасынан ұстап, оны шайқаушы болмаңыз.
- Ылғалдандырғыш сүзгіні сүзгі жақтауынан алмастырудан басқа жағдайда алмаңыз.
- Ылғалдандандырғыш науаны алу не тазалау кезінде су төгілуін болдырмаңыз.
- Қалтқыны алушы болмаңыз. Егер ол түсіп қалса, К-15 қараңыз.

- Ылғалдандырғыш науа мен қызмет көрсету үшін жуғыш заттарды қолданбаңыз. Ол деформациялануға, күңгірттенуге, шытынауға әкелуі мүмкін (су ағып кетуі).
- Оған қызмет көрсету кезінде артқы панелін қыруға болмайды.

ОРНАТУҒА ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛАР


- Сенсордың желдің әсеріне ұшырауы мүмкін жерден алшақ болыңыз. Қондырғы дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.
- Жиһаз, маталар немесе өзге де бұйымдар ауа сору немесе ауа шығару тесіктеріне тиюі немесе кедергі жасауы мүмкін жерлерде пайдаланудан бас тартыңыз.
- Қондырғыны конденсат немесе оқыс температура құбылыстары әсер етуі мүмкін жерлерде пайдаланудан бас тартыңыз. Оңтайлы жағдай бөлме температурасы 0 - 35 °C аралығында болғанда орнайды.
- Жеткілікті ауа айналымы бар орнықты орынға қойыңыз. Қондырғыны қалың кілем жайылған орынға қойған кезде, қондырғы аздап дірілдеуі мүмкін. Су бағы және ылғалдандырғыш науадан судың ағуын болдырмау үшін қондырғыны тегіс орынға қойыңыз.
- Май немесе май түтіні шығып жатқан жерлерге қоймаңыз. Қондырғының сыртқы қабаты шытынауы немесе сенсор істен шығуы мүмкін.
- Құрылғының шаңды жинау қабілеті құрылғы тіпті қабырғаға 3 см ара қашықтықта орналасқан кезде де тиімді, қоршаған қабырғалар мен еден ластануы мүмкін. Қондырғыны қабырғадан қашықта орнатуыңызды өтінеміз. Тура ауа саңылауының артында тұрған қабырға уақыт өте ластануы мүмкін. Қондырғыны ұзақ мерзімге бір орында пайдаланғанда, оған іргелес қабырғаларды жүйелі түрде тазалап тұру қажет.
- Ұсынылған сақтау жағдайлары туралы ақпарат: Ауа температурасы: -10 °C – 40 °C Ылғалдылық: 70% не одан да төмен Сақтау мерзімі: қойылмаған.
- Тауарды жою кезінде еліңіздің заңнамасымен бекітілген электр құрылғыларын жою туралы ережелерді сақтаған жөн.
- Сатудың ережелері мен талаптарын өндіруші бекітпейді, тауар сатылып отырған елдің ұлттық және/немесе жергілікті заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Тауарлар қаптамада тасымалдануға тиіс. Тауарлар тігінен тасымалдануға тиіс. Пакетін тұтқаның белгілерді орындаңыз.

СҮЗГІГЕ ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛАР

- Сүзгілерді дұрыс күту және жөндеу үшін осы нұсқаулықтағы нұсқауларды орындаңыз. (К-13, К-14 және К-15 тұстарын қараңыз)

БӨЛШЕК АТАУЛАРЫ


АЛДЫҢҒЫ ЖАҚ



1	Тұтқа (2 жерде)
2	Сенсор (ішкі) Температура / Ылғалдылық / Иіс* (*KC-G61R / KC-G51R)
3	Ауа шығару тесігі (алдыңғы жақ)
4	Дөңгелек тығыны (оң жақ және сол жақ)
5	БАСҚАРУ ПАНЕЛІ
6	Алдыңғы жалюзи (Реттелетін)
7	АЛДЫҢҒЫ ДИСПЛЕЙ
8	Қондырғы
9	Дөңгелек (4 жерде)



АРТҚЫ ЖАҚ



1	Су бағы	7	Артқы жалюзи
2	Бак қақпағын	8	Ауа шығару тесігі (артқы жақ)
3	Ылғалдандырғыш сүзгі	9	Ауа саңылауының индикаторы (Ақ)
4	Қалтқы	10	HEPA сүзгісі
5	Ылғалдандырғыш науа	11	Хошистендіргіш сүзгі
6	Шаң(сезімтал) Датчик / Датчик сүзгісі	12	Артқы панель (алдын ала тазарту сүзгісі)
		13	Ауа сору тесігі
		14	Қуат сымы / аша

(Аша пішіні елге байланысты өзгеше келеді.)

Анықтау деңгейі

Жарық датчигі
Қондырғыны келесі орындарда орнатпаңыз. Жарық датчигі дұрыс анықтамауы мүмкін.

Тікелей шамның астына. Көлеңкеде

Қозғалыс датчигі (KC-G61R / KC-G51R)
Анықтау ауқымы келесі көрсетілген аудан болып табылады.

Алдыңғы жақ

Оң жақ және сол жақ

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

Бастау үшін «★» бірге түймесін басыңыз.

1	ҚУАТТЫ ҚОСУ / ӨШІРУ түймесі	7	ON / OFF ТАЙМЕР түймесі, индикатор шамы (ақ) <3 секунд басыңыз> ФИЛЬТРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ түймесі
2	ЗИЯТКЕРЛІК РЕЖИМІ түймесі, индикатор шамы (ақ)	8	ДИСПЛЕЙДІ ТАҢДАУ түймесі <3 секунд басыңыз> БАЛА ҚҰЛПЫ түймесі
3	ТАЗА ИОН СЕБЕЗГІСІ түймесі, индикатор шамы (ақ)	9	БАЛА ҚҰЛПЫ индикатор шамы (ақ)
4	Plasmacluster ионының SPOT түймесі, индикатор шамы (ақ)	10	ФИЛЬТРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ Индикатор Шамы (қызылсары)
5	ЫЛҒАЛДАНДЫРУ ҚҰСУЛЫ / ӨШІРУЛІ түймесі, индикатор шамы (ақ)	11	Жарық датчигі
6	РЕЖИМ түймесі, индикатор шамы (ақ)		

АЛДЫҢҒЫ ДИСПЛЕЙ

1	Ылғалдылық / Температура монитори Бөлме ішіндегі температураның немесе ылғалдылықтың жуық мәнін көрсетеді. Ылғалдылық баптауын реттеу мүмкін емес. Ылғалдылық 20% бен 90% аралығында көрінеді. 20% не одан да төмен: 20% → 55% → 90% 90% не одан да көп: 20% → 55% → 90% Температура 0°C аралығында 50°C көрінеді. -1°C не одан кем: Lo → 25°C → Hi 50°C не одан жоғары: Lo → 25°C → Hi	4	Бақылау шамы (жасыл / қызылсары / қызыл) (K-9 және K-10 тұстарын қараңыз)
2	Қуат монитори Ағымдағы операцияда тұтынылатын қуатты көрсетеді.	5	Иіс шамы (ақ) (KC-G61R / KC-G51R) Иіс датчигінің иісті анықтауын көрсетеді.
3	Таймер монитори ON/OFF таймеріндегі орнатылатын немесе қалған уақытты көрсетеді.	6	Шаң шамы (ақ) Шаң(сезімтал) датчигінің әдеттегі шаңды анықтауын көрсетеді.
		7	PM2.5 шамы (ақ) Шаң(сезімтал) датчигінің микроскопиялық шаңды анықтауын көрсетеді. (2.5 микроннан кіші қатты бөлшектер)
		8	Қозғалыс датчигі (KC-G61R / KC-G51R)
		9	Тазалық монитори Бөлмедегі ауаның тазалығын 7 деңгейде түстердің өзгеруі арқылы көрсетеді. Көк ↔ Қызыл Таза ↔ Лас


ДАЙЫНДАУ

Қуат ашасын жардағы розеткадан суыруды ұмытпаңыз.




СҮЗГІНІ ОРНАТУ


1 Артқы панельді алып тастаңыз.




2 Әрбір сүзгіден полиэтилен пакетті алып тастаңыз.



3 Сүзгілерді көрсетілгендей дұрыс ретте орнатыңыз.



4 Артқы панельді орнатыңыз.




ПРИМЕЧАНИЕ

• Сүзгіні ауыстырған кезде, пайдалану күнін еске салуды жазып алу ұсынылады.

ПАЙДАЛАНУ

БАСТАУ/ТОҚТАТУ



ТАЗА ИОН СЕБЕЗГІСІ РЕЖИМІ

Қондырғы күшті ауа ағынымен Plasmacluster иондарды шығарады және шаңды жинайды, сол арада 10 минут ішінде статикалық электр тоғын азайтады. Содан кейін, ШАҢ датчигінің сезімталдығы автоматты түрде «ЖОҒАРЫ» күйіне өтіп, жылдам ластануларды жинайды және 50 минут бойына ауаны қуатты тазалайды.



ЕСКЕРТУ

- Жұмыс 60 минуттан соң біткенде, қондырғы бастапқы жұмыс режиміне оралады. Бұл режимде басқа режимді ауыстыруға мүмкіндік бар.
- Plasmacluster ионы «OFF» күйіне келтіріле алмайды. (К-10 тұстарын қараңыз)


ЗИЯТКЕРЛІК РЕЖИМІ (KC-G61R / KC-G51R)

Желдеткіш жылдамдығы автоматты түрде 7 анықтауына қарай бақыланады. (К-1 тұстарын қараңыз)



АВТО РЕЖИМ (KC-G41R)

Желдеткіш жылдамдығы автоматты түрде 5 анықтауына қарай бақыланады. (PM2.5 / Әдеттегі шаң / Температура / Ылғалдылық / Жарық)




ЕСКЕРТУ

• Алдыңғы дисплей, тазалық монитори ауа саңылауының индикаторы бөлменің жарықтығының негізінде автоматты түрде ON және OFF күйіне ауысады. (Жарық бақылауы «Авто» күйіне келтірілгенде. К-11 тұстарын қараңыз)

PLASMACLUSTER ИОНЫ ТАМШЫСЫ РЕЖИМІ


Бұл режимді маталар, дивандар және перделерге сіңген иіс, микробтар және басқа да заттарды кетіру үшін пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТУ

- Жоғары тығыздықтағы плазмакластерлік иондарды тек алға қарай бағытта шығарады.
- Күшті ауаны 8 сағатта кетіреді. Жұмыс біткенде, қондырғы бастапқы жұмыс режиміне оралады.
- Plasmacluster ионы «OFF» күйіне келтіріле алмайды. (К-10 тұстарын қараңыз)

РЕЖИМДІ ТАҢДАУ



ЕСКЕРТУ

ҰЙҚЫ

Құрылғы тыныш жұмыс жасайды, ал желдеткіш жылдамдығы ауадағы ластанулардың мөлшеріне қарай автоматты түрде ауысып отырады. Алдыңғы дисплей, тазалық монитори және ауа саңылауының индикаторы автоматты түрде өшеді. (Жарық бақылауы «Авто» күйіне келтірілгенде. К-11 тұстарын қараңыз)


ГҮЛ ТОЗАҢЫ

Содан кейін, ШАҢ датчигінің сезімталдығы автоматты түрде «ЖОҒАРЫ» күйіне өтіп, шаң және тозаң сияқты ластануларды жылдам жинайды және ауаны қуатты тазалайды.

БАЛА ҚҰЛПЫ

Басқару панелінің жұмысы құлыпталады.


ҚОСУЛЫ БОЛДЫРМАУ




ЫЛҒАЛДАНДЫРУДЫ БАПТАУ

СУ БАГЫН ТОЛТЫРУ


1 Су бағын алып тастаңыз.




2 Су бағын шүмектен ағатын сумен толтырыңыз.



3 Төгілулерді болдырмау үшін, су науасының қақпағын қауіпсіз етіп тартыңыз.



4 Су бағын орнатыңыз.



ҚОСУЛЫ



ӨШІРУЛІ



ЕСКЕРТУ

Төменде кестелердегі режимдерде ылғалдандыру ON күйінде жұмыс жасағанда, қондырғы ылғалдылықты температура мен ылғалдылықты анықтау арқылы автоматты түрде бақылайды. (МАКС / ОРТАША / ТӨМЕН режимінен басқалары.)

Температура	Ылғалдық	
	БАРЛЫҚ РЕЖИМ (МАКС / ОРТАША / ТӨМЕН / ҰЙҚЫ басқалары)	ҰЙҚЫ РЕЖИМІ
~18 °C	65 %	65 %
18 °C~24 °C	60 %	65 %
24 °C~	55 %	60 %


ҚОСУ ТАЙМЕРІ

Қалаған уақыт ұзақтығын таңдаңыз. Таңдалған уақыт өткен соң қондырғы автоматты түрде жұмысты бастайды.

(құрылғы OFF күйінде)



ТАЙМЕР
ВКЛ/ВЫКЛ




ӨШУ ТАЙМЕРІ

Қажетті уақыт ұзақтығын таңдаңыз. Таңдалған уақытқа жеткен кезде құрылғы автоматты түрде тоқтайды.


(құрылғы ON күйінде)



ТАЙМЕР
ВКЛ/ВЫКЛ



ДИСПЛЕЙ ТАҢДАУ



ПЛАЗМАЛЫҚ КЛАСТЕР ИОНЫ ҚОСУЛЫ/ӨШІРУЛІ

Plasmacluster функциясы қосылып тұрғанда, алдыңғы дисплейде Plasmacluster Ion шамы жанып тұрады. (К-6 тұстарын қараңыз)

(құрылғы ON күйінде)

ҚОСУЛЫ



МОЩНОСТЬ

ӨШІРУЛІ



МОЩНОСТЬ

3 секундтан артық.

3 секундтан артық.

БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯСЫ

Датчик жұмыс кезінде бөлме температурасы мен ылғалдылыққа назар аударуға қажетті күйді анықтап, Бақылау жарығы арқылы жеткізеді. «Құрғақ және төмен температураны бақылау» және «Жоғары температура және жоғары ылғалдылықты бақылау» екеуі де жұмыс жасайды. (Бұл функция бөлменің жағдайынан хабар береді.. Қондырғы температураны реттей алмайды немесе ылғалдылықты төмендете алмайды)

ҚҰРҒАҚ ЖӘНЕ ТӨМЕН ТЕМПЕРАТУРАНЫ БАҚЫЛАУ

Бұл бөлме құрғақ немесе бөлме температурасы төмен дегенді білдіреді. Бақылау жарығы қызыл түске енгенде, қондырғы зияткерлік режимінде (авторегим) күштірек ауа ағынымен жұмыс жасайды.

Бақылау жарығы (●)	Егер дыбыс сигналы «ON» күйіне келтірілген болса.. (К-12 тұстарын қараңыз)		Ішкі орта	Температура мен ылғалдылық аумағы (сурет төменде)
	Ылғалдылық / Температура мониторы (30 секунд)	Дыбыс сигналы		
Қызыл	«%» шамы жанады	Дыбыс сигналы (бір рет)	Құрғақ	(3)
	«°C» шамы жыпылықтайды	Дыбыс сигналы (бір рет)	Төмен температура	
Жасыл	(Қалыпты)	Ешқандай	Құрғақ температура да, төмен температура да емес	(1)-(2)

ЖОҒАРЫ ТЕМПЕРАТУРА МЕН ЖОҒАРЫ ЫЛҒАЛДЫЛЫҚТЫ БАҚЫЛАУ

Ол жоғары температура мен жоғары ылғалдылықты хабарлайды Бақылау жарығы қызылсары не қызыл түске ауысқанда, құрылғы автоматты түрде ылғалдауды тоқтатады. (Дегенмен, ол МАКС/ОРТАША/ТӨМЕН режимінде, ылғалдауды тоқтатпайды)

Бақылау жарығы (●)	Егер дыбыс сигналы «ON» күйіне келтірілген (болса. К-12 тұстарын қараңыз)		Ішкі орта	Температура мен ылғалдылық аумағы (сурет төменде)
	Ылғалдылық / Температура мониторы (30 секунд)	Дыбыс сигналы		
Қызыл (жыпылықтайтын)	«°C» шамы жыпылықтайды	Дыбыс сигналы · · · (30 секунд)	Жоғары температура мен жоғары ылғалдылық	D
	Қызыл	«°C» шамы жанады		Дыбыс сигналы · · · (30 секунд)
Қызылсары	«°C» шамы жанады	Ешқандай	Салыстырмалы түрде жоғары температура мен жоғары ылғалдылық	B
Жасыл	(Қалыпты)	Ешқандай	Жоғары температура да, жоғары ылғалдылық та емес	A


Бөлме құрғақ және ондағы температура төмен болса, вирустардың сақталуы жеңілдеу болады. Біз сізге бөлмеңіздің ортасына сәйкес, ылғалдандыруды баптау арқылы ылғалдылықты және жылыту құралдарын пайдаланып температураны арттыруды ұсынамыз.

Материал көзі: Д-р Макото Шоджи, Сендай қаласы, Шоджи ішкі медицина және педиатрия клиникасының директоры, Мияги перфектурасы, Жапония

Дұрыс көрсеткіш	Абсолютті ылғалдылық ^{*1}	Вирустың қоршаған ортасы	Тірі қалу деңгейі ^{*2}
(1)	11 г жоғары	Вирустардың тірі қалуына қолайлылығы азырақ қоршаған орта	0 % шағын пайызға дейін
(2)	11 % не одан да төмен	Вирустар тірі қала алатын қоршаған орта	5 %
(3)	7 г не одан да төмен	Вирустардың тірі қалуына қолайлылығы азырақ қоршаған орта	20 %

*1 Абсолютті ылғалдылық деген - температураға қарамастан, ауаның 1 м³ болатын су буының жалпы массасы және ол г. белгіленеді. Әдетте, ауа-райы болжамында пайдаланылатын ылғалдылық салыстырмалы ылғалдылық деп аталады, яғни су буының берілген температурадағы парциалды қысымының су буының тепе-тең қысымына қатынасы және % белгіленеді. Сондықтан, абсолютті ылғалдылық шамамен 8 г құрайды, қатынасы 15 °C және 18 г-да 30 °C тіпті бірдей салыстырмалы ылғалдылықта 60 %.

*2 Әрбір ортада 6 сағаттан кейін ауаға тараған вирустардың тірі қалу деңгейі.



Салыстырмалы ылғалдылық (%)


ЕСКЕРТУ

- Ол вирустардың өздерінің тіршілік етуінен хабар бермейді.
- Бақылаушы жарықтың «жасыл» түске жануы инфекциялардың алдын алатынына кепілдік бермейді. Оны күнделікті өмірде қоршаған ортаға инфекция тарауының алдын алу үшін анықтама ретінде қолдану қажет.
- Зияткерлік режимде (авторегим) ылғалдылықты шамамен 55 % пен 65 % аралығында реттегенде, қондырғы ылғалдылықты бақылайды, бірақ вирустың ортасына сәйкес өзгерістер жасамайды.

Сізге шамалы су ішуге немесе бөлме температурасын төмендетуге кеңес береміз.

Күнделікті өмірде жылу соққысының алдын алуға арналған нұсқаулық <Дереккөз: Жапон биометеорология қоғамының сайты>

Температура стандарты	Ескерілуге тиісті өмірлік іс-әрекеттерге шолу	Сақтық шаралары
D Қауіпті	Өмірдің барлық іс-әрекеттерінде орын алуы мүмкін тәуекелдер	Егде адамдардың тіпті демалыс күйінде гипертермиядан зардап шегу ықтималдығы жоғары. Сыртқа шықпаңыз және салқын бөлмеге жылжыңыз.
C Маңызды ескерту	Өмірлік әрекеттердің орта не жоғары деңгейіндегі әрекеттерде пайда болатын тәуекелдер	Сыртқа шыққан кезде тікелей күн сәулесін түсірмеңіз және бөлме ішінде қалғанда бөлме температурасының артуына мән беріңіз.
B дабылы	Ауыр өмірлік әрекеттерде пайда болатын тәуекелдер	Жаттығу немесе қарқынды жұмысты орындау кезінде үнемі демалыңыз.
A ескертуі	Ауыр өмірлік әрекеттерде пайда болатын тәуекелдер	Жалпы алғанда тәуекел төмен болып табылады, бірақ қатты жаттығу немесе қатты жұмыс істеп кезде адам жапа шегуі мүмкін.



Салыстырмалы ылғалдылық (%)

ЕСКЕРТУ

Бұл жылу соққысының алдын алуға арналған функция емес. Көмек ретінде осы функцияны пайдаланыңыз.



ТҮРЛІ БАПТАУЛАРДЫ ӨЗГЕРТУ

Функцияларды келесідегі «Орнату түрі» кестесінде өзгертуге болады.



1 Қондырғы қуатын сөндіріңіз.



3 Келесі кестеден «Функция нөмірін» таңдаңыз.



4 Келесі кестеден «Санды орнату» функциясын таңдаңыз.



5 Баптауды аяқтау үшін, Power түймесін басыңыз.



Баптау түрі

Функция	Баптау
Жарық бақылауы Алдыңғы дисплей, тазалық монитору және ауа саңылауының жарықтығын тексеруге болады.	01 Авто (әдепкі) Бөлменің жарықтығына сәйкес жарық автоматты түрде қосылып, сөнеді. Бөлме жарық: жарық ҚОСУЛЫ Бөлме қараңғы: жарық СӨНДІРУЛІ
	02 Қараңғырақ
	03 Сөндіру <ul style="list-style-type: none"> «Өшіру» мәні орнатылған кезде, «Қараңғырақ» индикаторы жұмыс басталған соң 3 секундқа жанады да, кейін жарық өшеді. Құрылғы суды қажет еткенде ғана ылғалдылық жарығы қараңғырақ жыпылықтайды. Patrolling Light flashes/lights dimmer only when the room temperature or humidity requires attention.


Функция	Баптау
Дыбыс Индикаторының Орнатымы Қондырғыны су бағы түгесілген кезде дыбыс сигналын шығаратындай етіп баптауға болады.	01 Болдырмау (әдепкі)
	02 Қосулы
Авто Қайта Қалпына Келтіру Аша суырылса да немесе пайдалану кезінде тізбекті ажыратқыш іске қосылса да, ток қайта берілген кезде, қондырғы жұмысы осыған дейінгі жұмыс режимінде жалғасады.	01 Болдырмау
	02 Қосулы (әдепкі)
Датчик сезімталдығын реттеу (F4-F7)	
Жарық датчигі	01 Төмен
Шаң (сезімтал) датчигі	02 Стандартты (әдепкі)
Иіс датчигі (KC-G61R / KC-G51R)	03 Жоғары
Қозғалыс датчигі (KC-G61R / KC-G51R) Қозғалыс датчигі бөлме ішінде ешкім жоқ екенін анықтағанша уақытты баптауға болады. Сондай-ақ, қозғалыс датчигінің анықтауын болдырмауға да болады.	01 ON (Стандартты анықтау уақыты) (әдепкі)
	02 ON (Ұзағырақ анықтау уақыты)
	03 БОЛДЫРМАУ
Бақылау функциясын баптау Бақылау жарығы қызылға жанғанда, құрылғы дыбыс шығаратындай етіп баптауға болады. Сондай-ақ, бақылау функциясын болдырмауға болады.	01 ON (Бақылау жарығы мен дыбыс жөнінде ескертеді) Дыбыс сигналы көп дегенде 30 сек жалғасады. Басқару панеліндегі кез-келген түймені басу дыбысты тоқтатады. Бақылау жарығы қызылға енгенде, дыбыс сигналы сағат сайын естіледі.
	02 ON (Бақылау жарығын ғана ескертеді) (әдепкі)
	03 БОЛДЫРМАУ

КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ




СҮЗГІ ИНДИКАТОРЫ

Индикатор шамы шамамен 720 сағаттан соң жанады. (30күн × 24сағат=720)



Төмендегі бөлшектерде жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туралы ескерту. Техникалық қызмет жұмыстарынан кейін, сүзгі индикаторын бастапқы қалпына келтіріңіз.

КҮТІМ ЖАСАУ ИНДЕКСІ



Орын	Сілт.
1 Су бағы	K-13
2 Қондырғы / Артқы панель (алдын ала тазарту сүзгісі)	
3 Датчиктер	
4 Ылғалдандырғыш сүзгі	K-14
Ылғалдандырғыш науа	
5 HEPA сүзгісі	K-15
Хошиістендіргіш сүзгі	


СУ БАҒЫ



Ішін сумен шайыңыз.

ЕСКЕРТУ

Қиқар жебе үшін.



Су бағының ішін жұмсақ ысқышпен және бак қақпағын киіз шөткемен немесе тіс шөткемен тазалаңыз.

Бак қақпағын

Тіс шөкелері

ҚОНДЫРҒЫ / АРТҚЫ ПАНЕЛЬ

Құрғақ, жұмсақ матамен сүртіңіз.



Датчиктер

Артқы панель (алдын ала тазарту сүзгісі)


Шаңсорғыш сияқты тазалағыш құралдың көмегімен шанды мұқият тазалаңыз.

ЕСКЕРТУ

Қиқар жебе үшін.

Артқы панель

1. Асханаға арналған тазалағыш зат қосылған суға шамамен 10 минутқа малыңыз.




САҚ БОЛЫҢЫЗ

Артқы панельді қатты ЫСҚЫЛАМАҢЫЗ.

2. Асханаға арналған тазалағыш затты таза сумен кетіріңіз.
3. Сүзгіні жақсы желденетін жерге қойып, толық құрғатыңыз.

Датчик сүзгісі




Датчик сүзгісі

1. Артқы панельді алу.
2. Датчиктің сүзгісін алу.
3. Датчик сүзгісі тым лас болса, оны сумен жуып, мұқият құрғату қажет.


ЫЛҒАЛДАҒЫШ СҮЗГІ ЖӘНЕ НАУА

ЫЛҒАЛДАҒЫШ СҮЗГІ ЖӘНЕ НАУАНЫ АЛУ




ЫЛҒАЛДАҒЫШ СҮЗГІ ЖӘНЕ НАУАНЫ ТІРКЕУ

Күтім көрсетіп болған соң, бөліктерді қайта дұрыстап бекітіңіз.




Ылғалдандырғыш сүзгі

Мол сумен шайыңыз.




ЕСКЕРТУ

Егер сіз ылғалдағыш сүзгі қаңқасын алсаңыз, оны өзінің бастапқы орнына қайта бекітетініңізге көз жеткізіңіз.




Ылғалдандырғыш науа


1 Ылғалдағыш науа қақпағын алыңыз.



2 Мол сумен шайыңыз.



3 Ылғалдағыш науа қақпағын қайта орнатыңыз.



•Қалтқы мен науа панельін алмаңыз. Егер олар түсіп қалса, K-15 қараңыз.

ЕСКЕРТУ Қиқар жебе үшін.

	Асүйлік жуғыш зат (тек ылғалдағыш науа)	Лимон қышқылы (Кейбір дәріханаларда қолжетімді)	Бөтелкедегі езбесі жоқ 100% лимон шырыны.
1	1. Науаны жартысына дейін суға толтырыңыз. 2. Ыдыс жууға арналған құралдың аздаған мөлшерін қосыңыз.	2 1/2 кесе су 3 шай қасық	3 кесе су 1/4 кесе
2	30 минут бойына малыңыз.		30 минут бойына малыңыз. (Қақтан тазалағыш ерітінді ретінде лимон шырынын пайдаланған кезде, суда көбірек уақыт малу қажет.)
3	Асүйлік жуғыш зат немесе қақты кетіргіш ерітіндіні таза сумен шайыңыз.		


HEPA СҮЗГІСІ / ХОШИИСТЕНДІРГІШ СҮЗГІ

HEPA сүзгісі мен Хошиистендіргіш сүзгідегі шаңды тазалаңыз.

САҚ БОЛЫҢЫЗ


• Сүзгілерді жумаңыз. Күн сәулесінің әсеріне қалдырмаңыз.

HEPA СҮЗГІСІ



Тек таңбаланған бетіне ғана күтім жасаңыз. Қарама-қарсы бетін тазаламаңыз. Сүзгі – нәзік, сондықтан тым көп қысым түсірмес үшін абай болыңыз.


ХОШИИСТЕНДІРГІШ СҮЗГІ



Екі жағына да күтім көрсетіледі. Сүзгіге тым көп күш жұмсама, сынып кетуі мүмкін, сондықтан, оған сақтықпен күтім жасау қажет.

Сүзгілерге сіңген кей иістер бұзылып, қосымша иістердің пайда болуына себеп болады. Пайдалану жағдайларына байланысты, әсіресе егер құрылғы әдеттегі үйдегі ортадан айтарлықтай қатаң орталарда пайдаланылатын болса, бұл иістер күтілгеннен де ертерек сезілуі мүмкін. Сүзгіні сондай жағдайларда немесе сүзгіге күтім көрсетілгеннен соң шаңды кетіру мүмкін болмаса сүзгіні ауыстырыңыз.

Қалтқы мен науа панелін орнату



Қалтқы



СҮЗГІНІ АУЫСТЫРУ

СҮЗГІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДЕРІ


Сүзгінің қызмет көрсету мерзімі бөлменің жағдайы, пайдалану жағдайлары және қондырғының орналасу орнына байланысты. HEPA сүзгісі мен иіссіздендіргіш сүзгінің қызмет көрсету мерзімі мен оларды ауыстыру жөніндегі ұсынымдар күніне 5 темекі шегілетін бөлмені тазалауға және құрылғының шаңды жинау және иіссіздендіру өнімділігі жаңа сүзгінің жартысына дейін төмендеуіне негізделген. Егер құрылғы қалыпты үй жағдайларымен салыстырғанда, қатаң жағдайларда пайдаланылатын болса, сүзгіні жиірек ауыстыруды ұсынамыз.

- HEPA сүзгісі Ашқаннан кейін шамамен 10 жыл
- Хошиистендіргіш сүзгі Ашқаннан кейін шамамен 10 жыл
- Ылғалдандырғыш сүзгі Ашқаннан кейін шамамен 10 жыл

Ауыстыру үшін пайдалануға болатын сүзгі үлгісі

Ауыстыру үшін пайдалануға болатын сүзгіні сатып алу үшін дилерге хабарласыңыз.

Сүзгіні ауыстыру	KC-G61R	KC-G51R	KC-G41R
HEPA сүзгісі (1 қондырғы)	FZ-D60HFE	FZ-D40HFE	FZ-D40HFE
Хошиистендіргіш сүзгі (1 қондырғы)	FZ-G60DFE	FZ-G40DFE	FZ-G40DFE
Ылғалдандырғыш сүзгі (1 қондырғы)	FZ-G60MFE	FZ-G60MFE	FZ-G60MFE



* Осы бөлшектерді тастамаңыз.

Сүзгілерді лақтыру

Пайдаланылған сүзгілерді жергілікті заңдар мен ережелерге сай лақтырыңыз.

HEPA сүзгі материалы :

- Сүзгі: Полипропилен
- Негізі: Полиэтилен

Хошиистендіргіш сүзгі материалы :

- Сүзгі: Қағаз
- Құрылымы: АБС-пластик

Ылғалдандырғыш сүзгі материалы :

- Сүзгі: Вискоза, полиэстер

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Сервис орталығына хабарласпас бұрын, ақауларды жою жөніндегі ақпаратты оқуды өтінеміз, өйткені кедергі қондырғының сынуымен байланысты болмауы мүмкін.

СЕБЕБИ	ШЕШІМІ (ақау емес)
Иістері және түтіні көтпейді.	• Сүзгілер қатты ластанған болса, оларды тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. (K-15 тұстарын қараңыз)
Ауаның тазалығы индикаторы тіпті ауа ластанған кезде де жасыл түспен жанады.	• Ауа қондырғы іске қосылған кезде таза болмаған болуы мүмкін. Қондырғыны суырып, бір минут бойы күтіп, қондырғыны қайта іске қосыңыз.
Ауаның тазалығы индикаторы таза ауаның кезінде де қызыл түспен жанады.	• Датчиктердің жұмысына қадағана саңылауларының ластануы немесе бітелуі (сезімтал) әсер етеді. Датчик тесіктерін тазалау кезінде абай болыңыз (K-13 тұстарын қараңыз).
Қондырғыдан тырсылдаған немесе тықылдаған дыбыс шығады.	• Тырсылдаған немесе тықылдаған дыбыстар қондырғы иондарды шығарып жатқан кезде естілуі мүмкін.
Сыртқа шығарылған ауаның иісі бар.	• Сүзгілердің қаншалықты ластанғанын тексеріңіз. • Сүзгілерді тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. (K-13, K-14 және K-15 тұстарын қараңыз) • Таза, шүмектен ағатын суды ғана пайдаланыңыз. Өзге су көздерін пайдалану зең, зеңді саңырауқұлақ және/немесе бактериялардың көбеюіне әкелуі мүмкін.
Қондырғы ауада шылым түтіні бар кезде жұмыс жасамайды.	• Қондырғы датчиктері шылым түтінін анықтай алатын орында орнатылуын қадағалаңыз. • Датчик (сезімтал) саңылаулары ластанып немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Егер олар ластанған не бітелген жағдайда, датчик сүзгісін немесе артқы панельді тазалаңыз. (K-13 тұстарын қараңыз)
ФИЛЬТРДІ ҚАЙТА ОРНАТУ сүзгі индикаторы жанып тұр.	• Сүзгілерге күтім көрсетіп не оларды ауыстырған соң, қуат сымын розеткаға жалғап, сүзгіні қалпына келтіру түймесін басыңыз. (K-13 тұстарын қараңыз)
Алдыңғы дисплей сөндірулі.	• Жарық бақылауы «Авто» күйіне келтірілгенде, бөлме қараңғы кезде жарық автоматты түрде сөнбеді. Сонымен қатар, жарық бақылауы «Сөндіру», күйіне келтірілгенде, жарық әрдайым сөнбеді. Егер сіз жарықтың сөнуді қаламасаңыз, жарық бақылауын «Қараңғырақ» күйіне келтіріңіз. (K-11 тұстарын қараңыз)
Алдыңғы дисплейдің ылғалдық шамы сұйыққойма бос кезде жанбайды.	• Бөлме ылғалдылығы тиісті деңгейге жетті және ылғалдандыру тоқтады. • Styrofoam қалтқысында лас заттардың бар-жоғын тексеріңіз. Ылғалдандырғыш науаны тазалаңыз. Қондырғының тегіс жерге қойылғанына көз жеткізіңіз. (K-14 тұстарын қараңыз)
Бактағы су деңгейі азаймайды немесе баяу азаяды.	• Ылғалдандырғыш науаның және су бағының дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Ылғалдандырғыш сүзгіні тексеріңіз. (K-14 тұстарын қараңыз) • Сүзгі қатты ластанған кезде, оны тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. (K-15 тұстарын қараңыз)
Тазалық монитормен жиі түсін өзгертеді.	• Тазалық монитормен шаң (сезімтал) датчигі мен иіс датчигі* ластануларды анықтағанда, автоматты түрде түсін өзгертеді. Егер сізді өзгерту алаңдатса, датчиктің сезімталдығын өзгерте аласыз. (K-11 және K-12 тұстарын қараңыз) (*KC-G61R / KC-G51R)
Құрылғының ылғалдық монитормен бөлмедегі басқа гигрометр арасында айырмашылық бар.	• Бір бөлмедегі ылғалдық деңгейі әр түрлі. • Сенсорлардың өлшеу параметрлері әр түрлі. • Егер монитор қуатты немесе температураны көрсетіп тұрса, ДИСПЛЕЙДІ ТАҢДАУ батырмасын басу арқылы дисплейді қосыңыз. (K-10 тұстарын қараңыз)
PM2.5 Light блогы ауа-райы болжамына немесе басқа да жергілікті PM2.5 деректерге сәйкес келмейді.	• Үйдегі орта сияқты, сыртқы және ішкі орта (жақын маңдағы трафик көлемі, үйдегі қабаттар саны, т.б.) жергілікті PM2.5 дерегінен тыс оқуды туғызуы мүмкін.
«°C» шамы жыпылықтайды	• Бөлме температурасының төмен болуы салдарынан, онда вирустардың аман қалуына қолайлы болып табылады. Сізге жылыту құралдарын пайдаланып, температураны реттеуге кеңес береміз. (K-9 тұстарын қараңыз) • Бөлме температурасы мен ылғалдылық жоғары. Сізге шамалы су ішуге немесе бөлме температурасын төмендетуге кеңес береміз. (K-10 тұстарын қараңыз)

ҚАТЕНІ КӨРСЕТУ

Егер қате қайта орын алса, Sharp компаниясының қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

САНДЫҚ КӨРСЕТКІШ	ШЕШІМІ
	Ылғалдандыратын сүзгі мен ылғалдандыратын су науасының дұрыс орнатылғанын тексеріп, қуатты қайта қосыңыз.
	Қондырғыны суырып, бір минут бойы күтіп, қондырғыны қайта іске қосыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

SHARP

КЕПІЛДЕМЕ ШАРТТАРЫ

Моделі		KC-G61R			KC-G51R			KC-G41R		
Қуат көзі		220 - 240 В 50 - 60 Гц								
Желдеткіш жылдамдығын өзгерту		МАКС	ОРТАША	ТӨМЕН	МАКС	ОРТАША	ТӨМЕН	МАКС	ОРТАША	ТӨМЕН
ТАЗА АУА	Желдеткіш жылдамдығы (м ³ /сағат)	408	240	72	306	180	60	240	120	60
	Жобаланған қуаты (Вт)	72	38	5,0	53	26	5,0	31	12	5,0
	Шу деңгейі (dBA)	53	48	24	52	47	19	46	40	19
ТАЗА АУА ЖӘНЕ ЫЛҒАЛДАНДЫРУ	Желдеткіш жылдамдығы (м ³ /сағат)	342	240	72	240	120	60	210	120	60
	Жобаланған қуаты (Вт)	55	40	6,5	33	14	6,5	24	14	6,5
	Шу деңгейі (dBA)	49	48	24	46	40	20	43	40	20
	Ылғалдандыру (мл/сағат) *1	630	470	200	450	300	150	400	300	150
Қажетті бөлме көлемі (м ²) *2		~50			~38			~28		
Тығыздығы жоғары плазмалық кластер ионына қажетті бөлме көлемі (м ²) *3		~35			~28			~21		
Су бағының сыйымдылығы (л)		3,0			2,5			2,5		
Сенсорлар		Шаң-тозаң (Сезімтал) / Иіс / Жарық / Температура және ылғалдылық / Қозғалыс						Шаң-тозаң (Сезімтал) / Жарық / Температура және ылғалдылық		
Сым ұзындығы (м)		2,0								
Өлшемдері (мм)		370 (Е) × 293 (Т) × 660 (Б)			345 (Е) × 262 (Т) × 631 (Б)			345 (Е) × 262 (Т) × 631 (Б)		
Салмағы (кг)		10,5			9,2			9,2		

- *1
